

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Көне ескерткіштер тілін, оның ішінде А.Йүгінекидің “Ақиқат сыйы” еңбегін де, тілдік тұрғыда зерттеу аса маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайық» - XII ғасыр ескерткіші: "Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің (XI-ХТІ ғғ.) тілі" арнаулы курсының оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 184 б.
2. Томанов, М. Т. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы : фонетика, морфология / М. Т. Томанов. – Алматы : Мектеп, 1981. – 206 б.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы: «Сардар», 2014. – 520 б.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: «Инжу-Маржан», 2007. - 388 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1991.- 384 б.
6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
7. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 б.

ӘОЖ 378.1

КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫ ЖОО-ДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Калемшариф А. Х.

Kalemsharifaisha25@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Өмірбекова Ж.Қ.

XXI ғасыр лингвистикасында адам танымы мен ой құрылымын тіл арқылы және керісінше, ой құрылымынан тілге қарай бағытталған зерттеулер қарқынды сипат алуда. Оның негізінде ақпараттың молдығы мен қолданбалы лингвистикадағы сұраныс, соған сай ашылған жаңалықтар, адам факторы мен оның тілі арасындағы кешенді байланысты зерттеудің жаңа сатыға көтерілуі жатыр. Тіл жүйесі лингвистиканың зерттеу нысаны болғанымен, оны жеке дара зерттеу бүгінгі ғылым сұранысына жауап бере алмайды. Осы себептен де лингвистикалық бірліктерді когнитивтік не прагматикалық аспектілерде зерттеу қажеттілігі туындады. Осы бағыттағы лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны ретінде танылған жоғары сатыдағы бірлік - мәтіннің үстіміздегі ғасыр ғылымында динамикалық сипатын ерекшелеуге елеулі назар аударылуда. Яғни, тілде көрінетін сананың когнитивтік құрылымының – концепт, түсінік, фрейм – сипатына тән заңдылықтарды саралау, түсіндіру, «тілдегі адамды» тану. Тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеу дегеніміз – коммуникацияға қатысушылардың тек тілдік білімдерін ғана пайдалану емес, олардың әлем туралы білімдері, әлеуметтік мәнмәтіндегі айтылым, жадта сақтаулы ақпаратты ала білу, дискурсты жоспарлау және басқару [1]. Адам қоршаған ортаны тек қабылдап қана қоймайды, оны өз біліміне, дүниетанымына сай қайта құрады. Демек, бұл ғылыми танымда санадағы когнитивтік құрылымдардың тілдегі құрылымдармен сәйкестену дәрежесі мен заңдылықтары, әрі жеке тұлғалардың өзіндік ерекшеліктерінің көрініс табуы мен типтік және ментальды құрылымдарының ажыратылуы арқылы жүзеге асады.

«Когнитивтік» деген сөздің мәні танымдық деген сөзбен беріледі. Когнитивтік лингвистика - адамның ойлау әрекеті негізінде жатқан танымдық (когнитивтік) механизмдер көзқарасына және механизмдерге сай тілді сипаттайтын, зерттейтін

лингвистикадағы бағыт. Лингвистиканың бұл бағыты қазіргі таңда білім беру жүйесінде әр қырынан берілуі қажет.

Білім беру жүйесі - мемлекеттің жарқын болашағына жол болатын, ғаламдық өркениетке жетудің баспалдақтарын салатын маңызы зор жүйе. Осыған орай мектепте болсын, жоғары оқу орындарында болсын олардың басты мақсаты жан-жақты, өз ой пікірін еркін айта алатын, креативті, сапалы білімді, таным түсінігі мол және креативті ойлай алатын, рухани бай, белсенді азаматтар шығару.

ЖОО-да білім берудің тиімді бағыты студенттердің жеке басының белсенділігін арттыру, белсенді орта қалыптастыру, оқытушы қызметін жаңаша құруда белгілі бір әдістерге сүйену, білім мен тәжірибені ұштастыра оқыту, білім алушының кәсіби біліктілігін арттыру болып табылады. Оқытудың белсенді әдістерін пайдалану арқылы студенттің ізденімпаздығы, пәннің мазмұнын саналы түрде меңгеруі, теориялық та практикалық та білімі мен дағдысы қалыптасады. Болашақ маман тіл біліміндегі таным теориясын меңгеру арқылы білім беру барысында оқушының танымдық қабілеті мен білімін ескеруге дағдыланады.

Когнитология - адамның ақпаратты пайдалану, жинақтау, игеру үдірісін, сондай – ақ білімді концептуальды ұйымдастыру жолдары мен білімді көрсету құрылымын зерттейтін ғылым. Когнитивизмнің зерттеу нысаны адамның ақыл-ойы, санасы және солармен байланысты менталды үдерістер. Ғалымдар “Когнитивизм” термині аясында төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- а) адамның “ойлау механизмін” зерттеу бағдарламалары;
- ә) әр түрлі каналдар арқылы адам миына түсетін ақпараттарды өңдеу үдерістерін зерттеу;
- б) әлемнің менталды моделінің құрылымы;
- в) әр текті когнитивтік актілерді қамтамасыз ететін жүйелердің құрылысын;
- г) табиғи тілде баяндалған ойларды адамның және компьютерлік бағдарламалардың қалыптастыруы мен түсінуі; мәтінді түсінуге және тудыруға қабілетті компьютерлік моделдердің жасалуы» [2,8]. Адамның ойлау жүйесі, қабылдауы, есте сақтауы, дамуы мәселелерін тіл арқылы зерттеу өте қызық. Бұл пән осы тұрғыда білім алуға мүмкіндік береді. Аталмыш пәнді толық меңгеру үшін студент арнайы оқулығына, когнитивті лингвистика саласы бойынша жазылған ғылыми еңбектерді талдап, анализ жасап оқулары қажет.

Ғалым Б.Ә.Әмірова «Студенттерді оқыту – бұл олардың психикасына әсер ету және білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды қалыптастыруға бағытталатын мақсатты қызмет. Алайда соңғысы оқытудың нәтижесін білдірмейді. Оқыту барысында студенттердің дүниетанымдары кеңейеді, болашақ маманның тұлғасы дамып, қалыптаса түседі,» деп студентке маман ретінде қажетті сапаларды көрсетеді [3, 122].

Магистрлік диссертациялық жұмыс тақырыбына байланысты жоғары оқу орнының филология факультетінің 2-3 курс бакалавриатының студенттері мен 1-курс магистранттары арасында онлайн платформа арқылы “Когнитивті лингвистика” пәніне қатысты 100 - ден астам студент арасында сауалнама жүргізілді. Әуелгі сұрақ ретінде «Когнитивті лингвистика жайлы не білесіз, естігенсіз бе?» деген сұрақ қойылды. «Адам ойының тілмен байланысы қандай?» «Тіл білімінің қандай салаларын білесіз?», «Таным ұғымын қалай түсінесіз?» деген сияқты сұрақтар қойылды. Сауалнама нәтижесі мынадай:

1. Студенттердің таным ұғымын дұрыс, толық ұқпағанын байқаймыз.
2. Тіл білімінің басқа салаларын білгенмен, когнитивті лингвистиканы жеткілікті меңгермеген.


Ал оларға когниция, таным, сана мен тілдің байланысын, аталмыш пәнді меңгерту үшін танымдық белсенділігін арттыру мақсатында “модульдік оқыту технологиясын” ұсынамыз.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің филология факультетінде осы тақырып аясында коучинг өткізілді. Коучинг - кеңес бермейді, адамның өз сауалына

жауапты өзі табуына көмектеседі, білім жолында жақсы нәтижеге жеткізуші құрал болып саналады. Коучингқа қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлайтын бағдарламаның 1 курс магистранттары қатысты. Басым көпшілігі тіл білімінің дәл осы саласын меңгермеген, сана мен тілді лингвистикада да, әдебиетте де байланыстыра алмады. Өткізілген коучингтің танымдық - ақпараттық бағытына көп мән берілуінің арқасында «когнитивтік өңдеу», «когнитивизм», «когнитология», «когнитивтік лингвистика», «әлемнің тілдік бейнесі», «тілдік тұлға» т.с.с. көп ақпарат алды. Интерактивті тақтада мысалдар көрсету, концепт ұғымын түсіндіру және М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов шығармаларындағы концептілерге талдау жасау арқылы когнитивті лингвистиканың ұғымдары түсіндірілді.

Модульді оқыту ғалым З.Бейсенбаева «Оқытуды модульдік жүйемен өткізу оқытушыны инновациялық әрекетке жетелейді, іздендіреді, оқытудың тиімді әдістерін пайдаланып практикалық, зертханалық сабақтарды мазмұнды өткізуге мүмкіндік жасайды», деп модульдік оқытудың оқытушы үшін де ең тиімді жол екендігін айтады [4,67].

1- кесте. Модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктері



Іргелі білім берудің міндеті – білім алушыны ғылыми ойлауға, дүниені тану, өзін-өзі дамытуға, ізденуге іштей қажеттілік туғызу. К.Жақсылықова тілді оқытуда модульді қолдану әдістемесі туралы: «Бұл технология модульге ену және одан шығу бақылауымен қамтамасыз етіледі. Бұл жерде модульге ену және одан шығу бақылауы дегеніміз студенттердің модуль материалын игермей тұрғандағы олардың бастапқы білім деңгейін тексеру жұмысы. Ал модульден шығу бақылауының нәтижесі студенттің келесі модульмен жұмыс жасауға өту өтпеуінің, яғни мүмкіндігі бар жоқтығының көрсеткіші болып есептеледі», деп ойын қорытындылайды [5,38]. Бұл технология оқытушыға да, білім алушыға да тиімді болып саналады. Модульдік оқыту технологиясында ең алдымен пәнді оқытудың мақсаты айқындалады.

- Нәтиже алдымен көрсетіледі, студенттер оған жетуге тырысады.
- Оқу материалы тарау, тармақшаларға бөлініп беріледі.
- Субъект - субъектілі қатынас.
- Әр студент материалды өз мүмкіншілігіне қарай меңгереді.
- Студенттің білім деңгейі әр модульден кейін тексеріліп отырады.
- Әр модульдің материалы кешенді түрде өтіліп, студенттің білім деңгейі тексеріліп, толықтырылып отырады.

“Модуль” сөзі оқытудың мазмұны мен технологиясын білдіреді. Оқу модулі негізінен үш құрылымнан тұрады: кіріспе, сөйлесу бөлімі, қорытынды бөлім. Әр оқу бөліміне сағаттар бөлінеді. Басым сағат сөйлесу бөлімінде болады. Диалог яғни субъект-субъектілі қарым қатынас арқылы студенттің өздік жұмысын жасауға мол мүмкіндік береді. Осы сөйлесу бөлімінде оқытудың барлық белсенді әдістері, танымдық оқыту бағыты жүзеге асырылуы тиіс. Ақпараттық технологиялар заманы болғандықтан, цифрлы елде тұрып жатқандықтан мейлінше білім беру бағдарламаларын, АКТ-ны қолдану, ойын түрлерін сабақта пайдалану студенттің танымдық белсенділігін, қызығушылығын арттырады.

Психологтардың зерттеуі бойынша, кез келген пәннің тарауын оқып-үйрену 3 кезеңге бөлінеді:

Кіріспе - қызықтырушылық;
Операционалдық - танымдық;
Рефлексиялық - бағалау.

Осы мәліметтерді толықтырар болсақ:

“Студенттердің оқу материалын меңгеру деңгейі 4 түрге бөлінеді.

1. Репродуктивтік деңгей. Жалпыға бірдей стандарты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар студенттердің алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2. Алгоритмдік деңгей. Мұнда, студент оқытушының түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3. Эвристикалық деңгей. Студент өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда студенттің ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. Шығармашылық деңгей. Студент таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді” [6].

Білім алушының белсенді әрекеттер арқылы білімді толық игере алады, топтасып, жұптасып жасалған жұмыстар тиімді есте сақталарлық болады. Өмірмен байланыстыра оқыту; когнитивті лингвистика көптеген елдерде оқытылып жатқандықтан өзге де елдердің зерттеулерін ұсыну, салыстыру тиімді болары анық.

Ал қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздерін ғалым Ж.Манкеева талдап, оларды былайша топтастырып береді:

- 1) танымның қоғамдық тәжірибеге негізделуі;
- 2) таным модельдерінің символдық түрлері;
- 3) таным модельдерінің жүйелік сипаты мен сабақтастық қасиеті [7, 40.].

Бұл көрсетілген негіздер когнитивті лингвистиканы ЖОО-да оқытудың маңыздылығымен тікелей қатысты.

Қорыта айтқанда, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушы бұл пәнді жеке тұлға болып қалыптасуы мен маман болу үшін оқуы керек;

- өз мамандығының expertі болу үшін оқу керек;

- білім алушылар мұғалім болып шыққаннан кейін де мектепте қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыта алады.

- тілді когнитивтік тұрғыдан оқыту арқылы берілген білім мазмұнын тереңдетеді.

- тілді // сөйлеуді бар деңгейінде өмір мен ғылымды байланыстырып, өскелең ұрпақтың дүниетанымын молайтады, өзіндік ойын түйіндеуге, дәлелдеуге үйретеді тіл тұтынушысының барлық болмысымен біртұтастықта қарастырады.

- танымдық оқыту арқылы білім алушылар бір-біріне пікірлерін білдіріп, қателіктерін айтып, жақсы қасиеттерін үйреніп отырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Петров В.В., Герасимов В.И. На пути к когнитивной модели языка // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1988. – вып. 23 – С. 119-121.
2. Мәдиева Г.Б., Таусоғарова А.К., Досанова А.М.. Когнитивтік лингвистика теориясы. Оқу - әдістемелік құралы. – Алматы. – 2014.
3. М.А.Иманкұлова «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері». –Алматы. -2016.
4. Бейсенбаева З. Қазақ тілін модуль арқылы оқыту. –Алматы. -2001.
5. Қасым Б.“Қазақ тілі сөзжасамы: интерактивті технологиялармен оқыту”, -Алматы. - 2015.
6. Ақтаева Ұ.Ж., Бектуреева Г.У., Абзалова Д.А. Модульдік оқыту технологиясының мәні мен принциптері.

ӘОЖ 811.512.122

ЖҰРНАҚТАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Көкен Н.

kokennuray@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ш. Қапантайқызы

«Сөздердің жасалуы деген ұғым – жаңа сөз жасаудағы заңдылықтар мен ереже-анықтамалардың жиынтығы. Қазақ тілі сөздерінің жасалу жолдарын оқыту лексика, грамматика заңдылықтарымен тығыз байланыста қарастырылады» [1]. Жаңа ұғымның пайда болуына кез келген тіл заңдылықтарының маңызды екені анық. А.С.Муқанова, Г.Шынатай, Б.Ергеш жасаған тәжірбие нәтижесінен қазақ тіліндегі синтетикалық тәсілдің маңызының зор екенін көреміз. Мақалада жұмыс нәтижесінде сын есім тудыратын 135-тен астам жұрнақтар арқылы семантикалық кестеде берілген 45000 сөзден 66000 сын есім тудырылғандығын баяндайды [2]. Бұндай көрсеткіш тек сын есім жасауда ғана емес зат есім, етістік жасауда да айқын көрінеді. Сонымен қатар, ғалым С.Шоқабаева да Сөзжасамның синтетикалық тәсілі - көне заманнан бері қолданылып келе жатқан тәсілдердің бірі. Синтетикалық тәсіл деп түбір сөзге сезжасамдық жұрнақ жалғану арқылы туынды сөз жасау тәсілін атаймыз. Бұл тәсіл түркі тілдерінде, сонын ішінде қазақ тілінде өнімді қызмет атқаратынын баяндайды [3].

Түрлі құрылғылар мен құралдар әр сәт сайын шығып жатқандықтан, сапалы, ықшам жаңа сөз жасау қажеттілігін тудырады. Ал жұрнақтар ықшам да, баршаға түсінікті сөз жасауға қабілетті. Туынды сөздердің басым көпшілігі морфологиялық (синтетикалық) тәсіл арқылы жасалатындықтан, жаңа сөз жасауда жұрнақтың маңызы зор. Алайда, қазір грамматикаға толық көңіл бөлінбегендіктен, мектеп оқушылары әлі күнге дейін жұрнақ пен жалғауды ажырата алмай келеді. Жұрнақ – жаңа сөз тудыру мен түрлендірудің ең басты құралы. Жұрнақсыз әр сәт сайын шығып жатқан түрлі құралдар мен құрылғылар атауының қазақ тіліндегі сапалы баламасын жасау қиындық тудырады анық. Қазіргі әдістеме ғылымында аталған тілдік бірліктерді оқытуда келесі ұстанымдарды басшылыққа алып оқыту қажет деп есептейміз:

1. Қазақ тілінің сөзжасам саласы қарастыратын жұрнақтардың құрылымы мен маңыздылығын түсіндіру және оларды жалғаулардан ажырата алу;
2. Жалғаумен айырмашылығын салыстыра отырып оқыту және мектеп оқушыларының морфологиялық талдауларда жіберетін өрескел қателіктерінің алдын алып, жұрнақтарды дұрыс жалғай білу, әрі ажырата алу қабілетін қалыптастыру;
3. Жұрнақтардың түбірге жалғану тәртібі мен маңыздылығын, түрлерін қазақ тілі сабағында түрлі әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдалан отырып оқыту;
4. Жұрнақтардың қазақ тіліндегі маңыздылығын түсіндіріп, морфологиялық талдауды пайдалана отырып оқыту;
5. Түбірге жалғанған қосымшаның жұрнақ немесе жалғау екенін сөз мағынасы арқылы ажырату.

Оқушыға қазақ тіліндегі жұрнақтардың атқаратын рөлін терең танытып, олардың сөзжасамдық қасиетін барынша сезіндіру арқылы олардың тілдік санасының қалыптасуына әсер ете аламыз. Ана тілінің ұлттық кодын шеше білген бала әр сөздің мәнін терең түйсініп, орнымен қолданатын болады. Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде ұлттық тұрғыдан ойлап, жаңа терминдерге қазақша баламалар ұсыну, ғылым тілін қазақиландыруға өз үлесін қоса алатын болады. Ол үшін оқушыға сөздің құрылымын тану арқылы